

## **Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 – 2016 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарына өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 12 қазандағы № 114 өкімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 13-тармақшасына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 130-тармағына және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Төрағасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 231 бұйрығымен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияда ғылыми зерттеулермен байланысты қызметті ұйымдастыру тәртібінің 11-тармағына сәйкес:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 37 өкімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 – 2016 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Өкім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы В. Христенко*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2015 жылғы 12 қазандағы  
№ 114 өкіміне  
ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 – 2016 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

II бөлімде:

а) екінші бағанда 1-тармақтағы "Макроэкономикалық саясат департаменті" деген кіші бөлімдегі "2015 жылғы желтоқсан" деген сөздер "2016 жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 8-тармақтағы "Сауда саясаты департаменті" деген кіші бөлімдегі "Еуразиялық экономикалық одақтың Африка елдерімен сауда-экономикалық қарым-қатынастарының жай-күйін жалпы талдау және оларды дамыту жөніндегі ұсынымдарды дайындау" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың Корея

Республикасымен сауда-экономикалық қарым-қатынастарын одан әрі дамытуға тәсілдерді айқындау" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК